

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С. 255-258

**«МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
«ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ» - АТТЫ МАҚАЛАСЫ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ».**

Базар Г.
Еңсепов Б.Б.

Баяндамада Қасым Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» - атты мақаласында жазылған өзекті ұстанымдарға талдау жасалынған. Атап-айтқанда, XX ғасырда болған репрессия, ашаршылық ахикаты мен тәуелсіз мемлекетіміздің тарихын зерделеу мәселелері қарастырылған. Жалпы алғанда, Президент мақаласында атап өткен Қазақстан тарихы және оны зерттеу бағыттары ашып-көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі уақытта ел тарихын қайта жазу мен тарих оқулығы жайлы жиі айтып келеді. 2021 жылы 26 қаңтарда үкімет отырысында Тоқаев тарих оқулықтарында «бірізділік жоқ» деп сапасын сынап, біркелкі оқулық жазуды тапсырды. Ол 2021 жылы 5 қаңтарда жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» - атты мақаласында да «Тарихымыздың ақтаңдақ беттері әлі күнге зерттелмей келеді, соңғы отыз жылдықтағы жасампаз тарихымызды бүгінгі және болашақ ұрпақ білуі керек, сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын жүйелі зерттеген жөн» [1] - деп жазды.

Мемлекеттік басшысының осындай өзекті тұжырымдарын ескере келе мынадай мәселелердің басын ашып көрсеткенді жөн санаймыз.

Бірінші өзекті мәселе, Президент Тоқаев «ашаршылыққа мемлекет тарапынан баға берілгені жөн, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс» - дейді. Кеңес дәуірінде ашаршылық Сталинизмнің қылмыстарын жасырған жабық және қатаң тыйым салынған басты тақырыптардың бірі болды. Украина 1931-1933 жылдардағы ашаршылықты «Украина халқына жасалған геноцид» - деп бағалағалы біраз жыл болды. Тәуелсіздік алған соң Қазақстан тарихшыларыда өзге бұрынғы кеңестік республикалар сияқты Сталинизм кезінде болған қасіретті оқиғаларға өз пікірі мен көзқарасын ашық білдірді. Атап-айтқанда, 1992 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумы комиссиясының қорытындысы байлардың

мүлкін тәркілеу және күштеп ұжымдастыру науқандарын, солардың салдарынан туындаған ашаршылықты «қолдан жасалған қасірет пен геноцид саясатының көрінісі» - деп бағалаған болатын. Соның нәтижесінде 1990-жылдары ашаршылық тарихын қалпына келтіру мен зерделеу бағытындағы бірқатар іргелі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Ашаршылықтың тарихын тануда Отандық тарихшы-ғалымдардың қол жеткізген табыстары, осы мәселеге қатысты олардың жасаған ғылыми тұжырымдамалары мен көзқарастары, жарыққа шыққан тарихи деректер мен құжаттар ашаршылықтың тарихи ақиқатын аша бастады. Дегенмен мұндай зерттеу үдерісі кейін келе тоқтап қалды. Оны белгілі тарихшы Алмас Жүнісбай - «ашаршылық «геноцид» деп танылғанымен, сыртқы және ішкі саяси себептердің салдарынан бұл тақырыпты одан ары қозғамау, қоғамның назарын басқа тарихи мәселеге ауыстыру, архив қорлары мен істерін бұрынғы құпия мен жабық күйде қалдыру үрдісі байқалып, кейінгі жылдары ашаршылықтың тарихын кешенді түрде зерттеу ісі тоқырап, өз жалғасын таппады. Мемлекеттік комиссияның қорытындысы болса, ескерілмей назардан тыс қалып қойды»[2] - деп көрсетеді. Сондықтан да алдағы уақытта 1931-1933 жылдары болған ашаршылық тарихын терең зерделеп, оның нәтижесін қазақ халқына жасалған этноцид ретінде бағалап, арнайы заң қабылдағаны дұрыс деп санаймыз. Ол үшін 31-мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып, белгіленгендей ашаршылықты еске алатын арнайы күнді атап-өтуіміз керек.

Сонымен бірге тарихшылар ХХ ғасырда болған ашаршылықты екі кезеңге бөліп қарастырып келді. Бірі 1921-1922 жж, екіншісі 1931-1933 жж болған ашаршылық. Дегенмен ашаршалық ХХ ғасырда бірнеше кезеңді қамтыды. Белгілі тарихшы Алмас Жүнісбайдың көрсетуінше «кеңес дәуірінде ашаршылық төрт кезеңді қамтыған. Оның алғашқысы 1917-1919 жж Түркістан өлкесіндегі ашаршылық болса, соңғысы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ашаршылық»[2] - деп нақтылайды. Қазақтың көрнекті қайраткері Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңес үкіметінің кейбір жергілікті басшыларының (И.Гержод бастаған) Түркістан өлкесіне жасаған қырғыны салдарынан бір ғана Сырдария облысында 1 млн ға жуық қазақтар ауру мен сырқаудан, ашаршылықтан, жұқпалы дерттен қаза болғаны өз еңбектерінде [3] - көрсеткен болатын. Ал, Түркістан өлкесіндегі жалпы ашаршылық туралы Тұрар Рысқұловтың «Революция и коренное население Туркестана» деген еңбегінен табуға болады. Сондықтан да 1917-1919 жж, 1921-1922 жж, және 1931-1933 жж болған ашаршылықтан қанша қазақ құрбан болды. Соның нақты мәліметін ашып көрсету бүгінгі Отан тарихының өзекті мәселесі болуы тиіс.

Екінші өзекті ұстаным кеңес үкіметі кезіндегі репрессия мәселесін зерделеу болып табылады. Отандық ғылыми зерттеулер мен оқулықтарда 1916 жылғы халықтың бас көтеруін ұлт-азаттық көтеріліс деп бағаласа, 1929-1931 жылдары болған кеңестік билікке қарсы халық толқулары мен қозғалыстар, «ұлт-азаттық көтеріліс» ретінде бағалануы шарт. 1916 жылғы

азаттық қозғалыс патша үкіметіне қарсы бағытталса, 1929-1931 жж болған қозғалыс кеңес үкіметінің солақай саясатына қарсы бағытталғанын байқаймыз. Бұл көтерілісті **шаруалар** көтерілісі деген **таптық көзқараспен** емес, **ұлт-азаттық көтеріліс** деген жаңа атаумен шығып, бүгінгі тарих ғылымының жаңа ұстанымы болуы тиіс. Өйткені 80 мыңнан аса адам қатысқан 372 халықтық толқулар мен бас көтерулер еліміздің барлық аймағын шарпыды. Мысалы Созақ, Қарақұм, Қызылқұм, Батпаққара, Абыралы, Адай, Тақпа-көпір көтерілістері шын мәнінде қазақ халқына жасалып жатқан қастандықтарға қарсы бағытталған мақсатты көтерілістер екенін тарихшы Талас Омарбеков[4], Мәмбет Қойгелді[5], Қайдар Алдажұмановтар[6] өз зерттеулерінде ашып көрсеткен болатын. Сол кездегі Голощокіннің «Кіші қазан» төңкерісі қазақ халқының дәстүрлі малшаруашылығын күйретіп қана қойған жоқ, ұлтты тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен, ажыратуға бағытталды. Дегенмен осы 1929-1931 жж болған көтерілістер мен толқуларды бір оқулықта 372-деп көрсетсе, келісі оқулықтарда 3000 дай деп көрсетеді. Сондықтан алдағы уақытта осы санның нақтылығы жастар үшін маңызды болмақ.

Жалпы алғанда Кеңестік репрессияға ұшырағандардың жалпы санын ғана анықтап қоймай алдағы уақытта әр бір кезеңде сотталғаны, атылғаны бар солар туралы кітаптар шығаруды қолға алған абзал. Мұны жазудағы мақсат, репрессия Сталин өлгеннен кейінде бірде ашық, бірде жабық түрде жүргізілгені жасырын емес. Желтоқсан оқиғасына қатысқандарды жазалау әрекетін қоссақ, бізде репрессияға ұшырағанда 100-мынан асып түседі.

Үшінші өзекті мәселе Отан тарихының жаңа тарихы яғни, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі ширек ғасырлық тарихы бүгінгі күн сұранысына сай жазылу керек. Көрнекті тарихшы **Хангелді Әбжанов**, «Мемлекет басшысының жаңа тарих деп отырғаны – 1991 жылдан бері қарайғы азаттық тарихы. Тәуелсіздіктен бері қарай кезең-кезеңге арналған тарих оқулықтары баршылық. Бір жайтты ескеру керек – жаңа тарихты жазуға қазіргі методология жарамайды. Жаңа тарихты жаңа методологиялық, жаңа теориялық ұстаныммен жазу керек» - деп көрсетеді. Сондықтанда, отан тарихының тәуелсіздік жылдарына арналған жүйелі оқулық жазылуы қажет. Ал, тәуелсіздік кезеңін тәуелсіз елдің жас ұландары зертеп, жазғаны дұрыс. Әсіресе, өтпелі кезеңнің қиыншылықтары, еліміздің директивалық (әміршіл-әкімшіл) экономикадан, нарықтық экономикаға өткен кездегі қиыншылықтар ашылуы маңызды болмақ. Сонымен бірге, Семей полигонының жабылуы, Қазақстан коммунистік партиясының тарауы мен оның өмірлік маңызы, индустриалды-инновациялық бағдарламалардың жүзеге асу барысы жан-жақты көрсетілуі тиіс.

Жалпы алғанда, Қазақстан тарихы және оның кезеңдері туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің өзіндік мақсаты бар. Себебі, Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамды бөлігі. Тарихқа жүгінсек, Еуразия құрлығында Қазақстан тарихы тас дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Сондықтан, оны кезеңдерге бөле отырып қарастыру қажет[7].

Бүгінгі таңда мемлекетіміз өз тәуелсіздігі мен егемендігін алып дербес құқықтық мемлекет болып қайта құрылғанда, қазақ қоғамы қайраткерлерінің ісі қайта қаралып, әділеттілік орнап, Қазақстан тарихынан күштеп аластатылған қайраткерлеріміз, отанымыздың ұлттық тарихының сахнасына қайта оралып, елімен қауышты. Талдау барысында біздің көзіміздің анық жеткені Қазақстан тарихы туралы зерттелген мұрадан гөрі әлі де болса зерттелмеген мұраның көптігі. Тарихшы ғалымдар болашақта мақсатты түрде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «тәуелсіздік бәрінен қымбат» - атты мақаласында атап-көрсеткендей Отан тарихының күрделі мәселелерін зерттей түсуі қажет. Осы мақсатта мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Қазақ тарихының рухани мұрасын зерттеу және кемел ұрпаққа насихаттау мақсатында зар-заман, алтын-орда дәуірі, алаш ардақтылары, ашаршылық туралы тарихи көркем фильм түсірген жөн;

2. «Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» - атты мақаласында көрсеткен алаш қайраткерлерінің мұраларын насихаттау аясында, ел тәуелсіздігі үшін күрескен, ақын, тарихшы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметін, шығармашылығын терең зерттеу бағытында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет жанынан «Сәкентану» ғылыми орталығын ашып, оның жұмысын халықаралық деңгейге жеткізіп, Алаш ардагерлерін әлемге таныту қажет;

3. 100 жылдам аса уақытты қамтитын Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнін жан-жақты зерделеп, орта мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне енгізуді қолға алып, арнайы жаңа бағдарлама жасаса, өскелең ұрпақ жан-жақты біліп, қастерлейтін болады;

4. Ашаршылық құрбандарын еске алу үшін, республикалық ауқымда атап өтілетін айтулы күнге, оны дәстүрлі тарихи мерзім ретінде атауды қолға алу абзал;

5. «Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» - атты мақаласында көрсеткен алаш қайраткерлерінің мұраларын насихаттау аясында, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде С.Сейфуллин атындағы стипендия тағайындау қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қасым Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» // «Егемен Қазақстан», 5 қаңтар 2021 жыл.

2. Жүнісбаев А. «Саясатқа баға бермей, ашаршылықты қалай зерттейсің?» <https://malim.kz/12515/>

2. Шоқай Мұстафа «Кеңестер билігіндегі Түркістан» Париж 1935.

3. Омарбеков Т. «Зобалаң». Алматы: Санат, 1994. - 272 б.

4. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы: Жалын, 2009. – 448 с.

5. Козыбаев М.К., Алдажуманов П.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI века, 1997. – 258 с.

6. Аяған Б.Ғ, Әбжанов Х.М, Махат Д.А., Қазіргі Қазақстан тарихы Алматы: Раритет, 2010.-560 б

7. Kanat Yensenov*, Seitkali Duisen, Kunduzai Erimbetova, Jabai Kaliyev and Bauyrzhan Yensepov - «History of Kazakhstan as an Image of an Independent State». T-ANTH-SV-021 CHECK LIST OF REFERENCES CAREFULLY Anthropologist, 00(0): 0000 (2016)